



QR-ТӨЛЕМДЕРГЕ ЖАҢА
ЖЕҢІЛДІКТЕР ҚАРАЛДЫ

2



ҚАЗАҚ ТОЙЫНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ
ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

6

№33 (773). 4 қыркүйек, 2026 жыл


Өзгені сынағанша, өзінді түзет!

ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



Әбутәліп Сүлейменұлы САРМАНОВ,
«Алтынтөбе» сәнді және жеміс ағаштарын өсіретін
орман тұқымбағының директоры:

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРЛЕНДІРГЕН ТҰҚЫМБАҚТЫ ҚАЗЫҒҰРТТАН ТАБАСЫЗ

«Ісімізді дөңгелетуге
Дүниежүзілік банктің гранты
көп септігін тигізді»

– Әбутәліп Сүлейменұлы, өзіңіз құрған тұқымбақ жайлы кеңінен айтып өтсеңіз. Шаруашылықты қалай бастадыңыз? Бастапқы кезде жер учаскесі мен техникалық, кадрлық мәселелер қалай шешімін тапты?

– Біздің тұқымбақтың құрылғанына жиырма жылдың жүзі болып қалды. Ол кезде тұқымбақ кәсібі ешкімді аса қызықтыра қоймаған кез еді. Алғашқылардың бірі болдық. Кейін ісіміз талай кәсіпкерге үлгі болып, тұқымбағымыз солардың прототипіне айналды десек, артық айтқандық бола қоймас.

Мен өзім орман шаруашылығының маманы ретінде қалыптасқан адаммын. Еңбек жолымызды Шымкент қаласындағы «Бадам» орман шаруашылығында учаске бастығы болып бастап, бірнеше жыл еңбек еткеніміз бар. Аға орманшы боп бірнеше учаскелердің үстінен қарадық. Ол кезде қаланың солтүстік бөлігіндегі ипподром жақтағы орман белдеуі, «Комсомольское озеро» деген болатын, қазіргі «Қазығұрт» шағынауданы жақта, осы ор-

мандар қарады. Орман шаруашылығының жанындағы 30 гектар алқапта арнайы тұқымбақ болатын, ол да бізге қарайтын. Сол тұқымбақтарды бақылап жүріп, көк желеңнің өсіп-өніп, кейін жеміс беру процестері қатты қызықтырды. Сырттай қоңыр төбел тіршілік болғанымен, қайнап жатқан өмір бар бұл кәсіпте. Жеке тұқымбақ құру туралы ой сол кезде келді. Ол ойымыз кейін жүйелі мақсатқа айналды.

Тұқымбақ құру үшін алдымен тұрақты пайдаланатын, шаруашылыққа бағытталған тұрақты жер учаскең болуы керек. Туған жеріміз Қазығұрт ауданындағы Алтынтөбе ауылы маңындағы шаруашылық жерлерін қарап жүріп бірнеше гектар алқапты пайдалану мүмкіндігі туды. Әрине, тұқымбақ өсіру деген шаруа бидай егу секілді бір жылдық тірлік емес, пайдасы бірнеше жылдан кейін ғана түсе бастайтын болғандықтан, ұзақ мерзімді әрі тұрақты пайдаланатын, сенімді жер болуы тиіс. Оның үстіне үлкен дайындықты қажет етеді, көптеген жыл күтімді талап етеді, қажырлы еңбек керек. Мен өзім орман шаруашылығы саласында білім алғандықтан, мұның барлығын бес саусағымдай білемін. Алматы қаласындағы Ауыл шаруашылығы институтын орман шаруашылығы ісі мамандығы бойынша тәмамдағанмын.

(Жалғасы 4-бетте).



МЕКТЕПКЕ МАКИЯЖБЕН КЕЛГЕН ОҚУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫ АЙЫППҰЛ АРҚАЛАЙ МА?

Қазақстанда оқушы қыздардың мектепке макияжбен келуіне тікелей тыйым жоқ. Алайда мектеп өзінің ішкі тәртіп ережесінде мұндай шектеу енгізе алады. Бұл туралы Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шынар Ақпарова ОКҚ алаңындағы брифингте айтты. Сондай-ақ ол макияж үшін ата-анаға айыппұл салу мәселесіне түсініктеме берді.

БЕТБОЯУҒА БАЙЛАНЫСТЫ БҰЙРЫҚ БАР МА?

Шынар Ақпарованың айтуынша, қолданыстағы мектеп формасына қойылатын міндетті талаптарда макияжға қатысты нақты тыйым қарастырылмаған. Дегенмен әр білім беру ұйымының өз жарғысы мен ішкі тәртіп ережесі бар. Макияжға қатысты бұйрықта нақты тыйым жоқ. Алайда мектептердің типтік ішкі тәртіп ережелері мен жарғылары бар. Бірыңғай талапты сақтау үшін мектеп өз ережесінде балалардың ғимарат ішінде макияжсыз жүруі керектігін белгілей алады, – деді бірінші вице-министр.

Оның сөзінше, мұндай талап балалардың денсаулығын қорғау мақсатында да енгізілуі мүмкін. Вице-министр мектеп формасына қатысты талаптарды да еске салды. Қазақстанда мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Оның түсі мен үлгісін мектеп ата-аналар және қамқоршылық кеңес мүшелерімен бірлесіп анықтайды.

ҚАНДАЙ ЖАУАПКЕРШІЛІК ҚАРАСТЫРЫЛҒАН?

Макияж міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарда тәртіп бұзушылық ретінде көрсетілмеген. Сондықтан оқушының сабаққа макияжбен келгені үшін ғана ата-анасына айыппұл салынбайды. Дегенмен, оқушылар мектептің жарғысын, ішкі тәртіп ережесін және бекітілген мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауға міндетті.

Мектеп формасына қатысты талаптар жүйелі түрде бұзылған жағдайда ата-анаға алдымен ескерту жасалып, кейін 5 АЕК көлемінде айыппұл салынуы мүмкін. 2026 жылы бұл – 21 625 теңге. Ал мектептің өзі енгізген макияжға тыйымды бұзу ата-ананы әкімшілік жауапкершілікке тартуға негіз бола ма деген мәселе Шынар Ақпарова нақты тоқталған жоқ. Ол әкімшілік жауапкершілік міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтамауға қатысты екенін түсіндірді.



«ҚЫЗМЕТ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



АЛҒАШҚЫ ДОМБЫРА
ҚАЛАЙ ЖАСАЛҒАН?

7



АҚШАНЫ ҚАЛАЙ
ҮНЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

7

ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚАНШАҒА КӨБЕЙЕДІ?

2027 жылы Қазақстанда ең төменгі зейнетақы мөлшері артады. Жаңартылған көрсеткіштер 2027–2029 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасына енгізілді, оны "Ашық НҚА" порталында Қаржы министрлігі жариялады, деп хабарлайды Tengrinews.kz ақпараттық агенттігі.

Республикалық бюджет жобасына сәйкес, 2027 жылы Қазақстандағы ең төменгі зейнетақы мөлшерін 74 919 теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған. Салыстырмалы түрде: 2026 жылы бұл көрсеткіш 69 049 теңге.

Осылайша, ең төменгі зейнетақы 5 870 теңгеге немесе шамамен 8,5 пайызға өседі.

ЕҢ ТӨМЕНГІ ЗЕЙНЕТАҚЫ ДЕГЕН НЕ?

Ең төменгі зейнетақы – бұл мемлекет белгілеген зейнетақы төлемінің ең аз мөлшері. Қарапайым тілмен айтқанда, бұл зейнетақының ең төменгі шегі, одан төмен болуы мүмкін емес. Бірақ ең төменгі зейнетақыны ең төменгі зейнетақы төлемімен шатастырмау керек. Нақты адамның зейнетақы мөлшері оның еңбек өтіліне, табысына және зейнетақы төлемдерінің түріне байланысты болады.

БҰЛ ӨЗІРГЕ ТЕК ЖОБА

Өзірге бұл тек бюджет жобасына қатысты екенін айта кеткен жөн. Құжат қоғамдық талқылауға шығарылды. Бұл онда көрсетілген сомалардың әлі түпкілікті емес екенін білдіреді. Қоғамдық талқылау аяқталғаннан кейін бюджет жобасы Парламенттің қарауына жіберіледі. Депутаттар өзгерістер енгізуді ұсынып, құжаттың жекелеген параметрлерін түзете алады. Құжат Президент қол қойғаннан кейін күшіне енеді.



QR-ТӨЛЕМДЕРГЕ ЖАҢА ЖЕҢІЛДІКТЕР ҚАРАЛДЫ

Қазақстанда QR-төлемдер арқылы жүргізілген барлық қаржылық операцияны қосылған құн салығынан (ҚҚС) босату ұсынылды, деп хабарлайды KAZ.NUR.KZ Ұлттық экономика министрлігінің хабарламасына сілтеме жасап.



Министрліктің баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгін ведомствода Қазақстанда қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту мәселесі қаралды. Премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен Салық кодексінің енгізу жөніндегі жобалық кеңсесінің 26-отырысында қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамыту және ПҚӨС нөлдік ставкасын қолдану үшін заңға тәуелді актілерді өзектендіру мәселелеріне басты назар аударылды.

Атап айтқанда қатысушылар QR-төлемдерді, телефон нөмірі бойынша аударымдарды, электрондық ақша мен цифрлық теңгені қоса алғанда, қазіргі

заманғы қолма-қол ақшасыз төлемдерді дамытуды талқылады. Қаржы реттеушілері төлем картоткалары операцияларын ғана емес, басқа қолма-қол ақшасыз төлемдерге қызмет көрсету қызметтерін де ҚҚС-тан босатуды ұсынады. Төлем нарығы белсенді дамып келе жатқандығы және есеп айырысудың цифрлық әдістері кеңінен таралып жатқандығы атап өтілді. Қаржы реттеушілері қолма-қол ақшасыз есеп айырысулар мен цифрлық төлем шешімдерін ынталандыру үшін бірінші жағдайлар жасаудың маңыздылығын атап өтті.

Жобалық кеңсеге қатысушылар бұған дейін ҚҚС-тан босату сол кездегі ең кең таралған төлем құралы үшін жеке шара ретінде белгіленгенін атап өтті. Бұл ретте QR-төлемдерді, мобильді аударымдарды және цифрлық теңгені қоса алғанда, төлемнің жаңа тәсілдерінің дамуымен төлем нарығы айтарлықтай өзгерді. Осыған байланысты жаңа құралдарға салық жеңілдіктерін автоматты түрде кеңейту бұрын қарастырылмаған, өйткені ол экономикалық тиімділікті бағалауды және оған қолданылатын операциялардың тізімін нақты анықтауды қажет етті. Сонымен қатар төлем саласындағы қолданыстағы заңнама 2026 жылы төлем картоткаларымен жасалатын операциялар ұғымын жаңартты және кеңейтті, бұл салықтық реттеуді қосымша нақтылауды талап етеді.

Серік Жұманғарин QR-төлемдер мен цифрлық теңгені қоса алғанда, заманауи төлем құралдарын дамыту оң бағыт болып табылатынын атап өтті. Бұл ретте ол ұсынылған шараның экономикалық әсерін негіздеу қажеттігін атап өтті. Талқылау қорытындысы бойынша Қаржы министрлігі ҚНРДА-мен және Ұлттық банкпен бірлесіп мәселені қосымша пысықтау, заңнамалық нормаларды нақтылау және тиісті есептерді ұсыну туралы шешім қабылданды.

ЖЕКЕМЕНШІК МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ АҚЫСЫНЫҢ ШЕКТІ МӨЛШЕРІ БЕКІТІЛУІ МҮМКІН

Оқу-ағарту министрлігі жекеменшік мектептердегі мемлекеттік тапсырыс көлемін бекітуді ұсынды. Бұл туралы KAZ.NUR.KZ «Ашық НҚА» порталына сілтеме жасап хабарлайды.

«Ашық НҚА» порталында "Жекеменшік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын, оқу үшін ата-аналар төлемінің шекті мөлшерін бекіту туралы" бұйрық жобасы жарияланды.

«Бұйрық жобасы мемлекеттік білім беру тапсырысын алатын жекеменшік орта білім беру ұйымдары

үшін қаржыландырудың бекітілген мөлшерін белгілеуді көздейді.

Жобаның негізгі мақсаты – ата-аналар үшін оқу ақысының тұрақтылығын қамтамасыз ету. Сондай-ақ айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) өзгеруіне байланысты оқу ақысының автоматты түрде өсуіне жол бермеу көзделеді», - делінген құжатта.

Ұсынылып отырған тәсіл қолжетімді білім беру деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл оқу ақысын қалыптастырудың ашықтығы мен болжамдылығын қамтамасыз етеді. Сонымен қатар есептік көрсеткіштердің жыл сайынғы өзгеру әсерін азайтып, мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін жекеменшік мектептерде білім алу үшін тұрақты жағдай жасайды.

Жоба 15 қыркүйекке дейін қоғам талқылауына шығарылды.

ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҮШІН ҚОЛМА-ҚОЛ ТӨЛЕМ ТОҚТАТЫЛДЫ МА?

Қазақстанда көлік иелерін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерін алу ережелері өзгереді. Енді жүргізушілер ақшаны тек банк шоты арқылы ала алады, ал қолма-қол төлемдер тоқтатылады. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мәліметінше, бұл өзгерістер қаржы нарығын цифрландыру мәселелері жөніндегі заңдарда қарастырылған. Осы құжаттармен "Міндетті сақтандыру туралы" Заңның 25-бабына түзетулер енгізілді.

"Басты жаңашылдық – Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемін алуды қолма-қол ақшасыз нысанға көшіру, яғни қаражатты бенефициарлардың банктік шоттарына аудару", – деп атап өтті агенттік.



Реформаның басты мақсаты – төлемдердің ашықтығын арттыру, жүргізушілердің құқықтарын қорғау және сақтандыру жағдайларын реттеу кезіндегі күмәнді схемаларды болдырмау. Қолма-қол ақшасыз формат өтемақының тікелей зардап шеккен тарапқа түсетініне кепілдік береді.

Сонымен қатар жүргізушілерге ақшаны аудару немесе есепке жатқызу үшін қосымша қаражат жұмсаудың қажеті жоқ. Банк комиссияларына қатысты барлық шығындарды сақтандыру компаниялары өз мойнына алуға міндеттелді. Нәтижесінде жүргізушілер сақтандыру төлемдерін толық көлемде ала алады.

ТӘТТІДЕН ТӨНГЕН ҚАУІП: БАЛАЛАР АРАСЫНДА ҚАНТ ДИАБЕТІ ДЕНДЕП БАРАДЫ

Елімізде қант диабетіне шалдыққан балалардың саны артып келеді. Олардың үлесі жыл сайын шамамен 10 пайызға өсіп, мамандарды алаңдатып отыр. Дәрігерлердің айтуынша, балалар арасында диабеттің бірінші түрімен қатар, артық салмақ пен қимыл-қозғалыстың аздығына байланысты екінші типі де жиілеп түскен, деп хабарлайды Almaty.tv.

Балалар арасындағы қант диабеті еліміздегі алаңдатарлық мәселелердің біріне айналды. Қазір елімізде аталған диагноз анықталған 7 мыңға жуық бала дәрігерлердің бақылауында. Бұл мәселенің өзектілігін мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та Тамыз конференциясында көтерді. Президент балалардың денсаулығына кері әсер ететін факторлардың бірі ретінде фастфудтың агрессивті жарнамасына назар аударып, мұқият зерделеуді тапсырған еді.

«Тез ішіп-желінетін тағам зиянды әдет қалыптастырады, денсаулық сақтау жүйесіне салмақ түсіреді, еліміздің еңбек күші әлеуетіне теріс әсер етеді. Дәрігерлердің бақылауында қант диабетіне шалдыққан 7 мыңға жуық бала бар. Олардың саны көбеймесе, азайып жатқан жоқ», – деді Президент Қасым-Жомарт Тоқаев.

Дәрігерлердің айтуынша, балалардағы қант диабетінің 90 пайызы – 1-типті диабет. Ал 2-типті дұрыс тамақтанбау мен артық салмақтан болады. Мамандардың айтуынша, 10 жыл бұрын балалар арасында мүлдем кездеспейтін 2-типті диабет бүгінде тіпті 6 жастағы балаларда да анықталып жатыр.

«Президенттің осы мәселеге назар аударуы да өте маңызды. Себебі соңғы 10 жылда балалар арасындағы семіздік жағдайының айтарлықтай өскенін байқап отырмыз. Қазір кішкентай балалардың өзінде 2-типті диабетті кездестіріп жүрміз. Біздің ең кішкентай пациентіміз – 6 жастағы бала. Бала салмақ қоса бастайды, кейін одан әрі салмақ қосады.



Соның нәтижесінде ағза өзінің инсулиніне сезімталдығын жоғалтады. Содан кейін ем ретінде дәрі қолдануға тура келеді. Ал 2-типті диабетті емдеуге арналған дәрілердің көпшілігі 12 жастан бастап қана қолдануға рұқсат етілген», – деді ДСМ бас штабтан тыс балалар эндокринологы Гүлмира Абдухасова.

Елімізде жұмыссыз азаматтарды еңбекке тарту мақсатында жұмыс берушілерге де мемлекет тарапынан қолдау көрсетіледі. Соның бірі – субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру. Яғни, жұмыс беруші жұмыссыз азаматты қызметке қабылдап, оның жалақысының белгілі бір бөлігін мемлекет тарапынан субсидиялауға мүмкіндік алады. Бұл – бір жағынан азаматтардың еңбекке араласып, тәжірибе жинауына жол ашса, екінші жағынан жұмыс берушілерге қажетті маманды жұмысқа тартуға мүмкіндік береді.

ЖҰМЫС ІЗДЕГЕНГЕ ЖҰМЫС БАР, ЕҢБЕК ЕТЕМ ДЕГЕНГЕ ЕСІК АШЫҚ

Алайда субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілер бірқатар талаптарға сай болуы қажет. Ол қандай талаптар және өтінім беру тәртібі қалай жүзеге асады? Бұл туралы Әл-Фараби ауданы Мансап орталығының «Жұмыс берушілерді қолдау» секторының басшысы Эльмира Маханова түсіндіреді.



Эльмира Маханова

– Субсидияланатын жұмыс орындары бойынша коммерциялық заңды тұлғалар, жеке кәсіпкерлер, шаруа және фермер қожалықтары, әлеуметтік кәсіпкерлер, мемлекеттік мекемелер, олардың ведомстволары мен бағынысты ұйымдары өтініш бере алады. Бұл тізімге үкіметтік емес ұйымдар, олардың филиалдары мен өкілдіктері де кіреді. Негізгі талап – мекеме бірінші кезекте заңды түрде тіркелген болуы керек және 12 айдан астам уақыт жұмыс істеп тұрған болуы қажет. Сондай-ақ ол таратылу немесе банкроттық жағдайында болмауы тиіс. Сонымен қатар:

- жалақы бойынша берешектің болмауы;
- соңғы 12 айда әлеуметтік төлемдердің тұрақты аударылып отырған болуы;
- жалған кәсіпкерлік субъектілері тізімінде болмауы;
- қызметкерлермен электрондық еңбек шарттарын рәсімдеп, міндетті зейнетақы жарналарының төленуі міндетті.

Өткен жылы субсидияланатын жұмыс орындарында еңбек еткен азаматтарды тұрақты жұмысқа орналастыру бойынша да талап қойылады. Яғни, өткен жылы осы бағыт бойынша жұмысқа қабылданған азаматтардың 10 пайызын, яғни кемінде 1 адамды тұрақты жұмысқа қабылдаған болуы шарт. Аталған талаптарға сай келген жұмыс беруші мекеме «Enbek.kz» порталы арқылы онлайн өтінім бере алады. Не болмаса, Мансап орталығына жүгінуіне болады. Онда мамандар өтінімді қалай беру керектігін түсіндіріп, субсидияланатын жұмыс орындарына қатысты барлық сұрақтар бойынша кеңес береді, – дейді ол.

Субсидияланатын жұмыс орындарының саны жұмыс берушінің санатына байланысты белгіленеді. Үкіметтік емес ұйымдар үшін республикалық маңызы бар қалаларда 1-ден 10-ға дейін, ал өңір-

лерде 1-ден 5-ке дейін субсидияланатын жұмыс орнын ұйымдастыруға болады. Бұл ретте үкіметтік емес ұйымдар үкіметтік емес ұйымдардың ресми дерекқорында тіркелген болуы қажет. Ал коммерциялық ұйымдар, жеке кәсіпкерлер, шаруа немесе фермер қожалықтары, әлеуметтік кәсіпкерлер және мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін 1-ден 5-ке дейін субсидияланатын жұмыс орны қарастырылған.

Ауылдық әкімдіктер мен коммуналдық кәсіпорындарға қатысты бөлек тәртіп қолданылады. Олар үшін субсидияланатын жұмыс орындарының саны ауылдағы халықтың санына қарай белгіленеді. Мұндай жұмыс орындарының саны ауыл тұрғындарының жалпы санының 2 пайызынан 5 пайызына дейін болуы мүмкін.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ДА ЕҢБЕККЕ ТАРТЫЛУДА

Шымкент қаласында мүгедектігі бар азаматтардың еңбек етуіне жағдай жасау, олардың қоғамға белсенді араласуына және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына қолдау көрсету бағытындағы жұмыстар да жоспарлы түрде жүргізілуде. Бұл ретте азаматтардың денсаулық жағдайына сәйкес келетін жұмыс орындарына орналасуына мүмкіндік жасауға басымдық беріліп отыр. Жұмысқа орналасуға ниетті азаматтарға мамандар тарапынан кеңес беріліп, лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмыс берушімен байланыстыру бойынша сүйемелдеу көрсетіледі.

2026 жылы қала әкімінің қаулысына сәйкес, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгіленген. Квотаға сәйкес, Шымкент қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының Еңбек мобильділігі орталығы арқылы 34 мекемеге 165 азаматты жұмысқа орналастыруды көздеген болатын.

Бүгінде жыл басынан бері белгіленген квота аясында 28 мекемеге 97 еңбекке қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар азамат жұмысқа орналастырылды. Соның бір мысалы – III топтағы мүгедектігі бар азаматша Ғалия Рүстемнің квота арқылы жұмысқа орналасуы. Мамандардың сүйемелдеуінің нәтижесінде ол Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің студенттер үйіне кезекші қызметіне жұмысқа орналасты.

– Мен мамандығым бойынша жұмыс іздеп, «Тең қоғам» әлеуметтік қолдау орталығына жүгінген едім. Орталық мамандары Қаратау аудандық Мансап орталығының мамандарымен бірлесе отырып, мені ыңғайлы жұмысқа орналастырды. Қазіргі таңда жұмысым өзімнен ұнайды, айлық жалақыма да көңілім

толады, – дейді ол.

Ғалия Рүстем тұрақты еңбек етуге мүмкіндік берген бұл қолдауға өз тарапынан ризашылық білдірді. Оның айтуынша, жұмысқа орналасу тек табыс көзіне ие болу емес, қоғамға белсенді араласуға және өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруға да жол ашады.

ЖҰМЫССЫЗДАР ЖАҢА МАМАНДЫҚ ИГЕРІП ЖАТЫР

Жұмыссыз азаматтарды еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарға оқыту – жұмыспен қамтудың тиімді тетіктерінің бірі. Себебі еңбек нарығындағы сұраныс үнемі өзгеріп отырады, ал жаңа мамандық меңгеру азаматтардың жұмыс табуына мүмкіндік береді. Осы бағытта Шымкентте жұмыссыз тұрғындарды қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға жолдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Оқу барысында азаматтар теориялық білім алып қана қоймай, өндірістік тәжірибеден өтіп, таңдаған мамандығы бойынша қажетті дағдыларды меңгереді.

Шымкентте биыл кәсіптік оқытудың бірінші легі бойынша 420 жұмыссыз жаңа мамандықты игеруге жолданды. Оның ішінде 260 адам білім беру ұйымдарында, 160-ы жұмыс берушілердің жұмыс орындарында кәсіптік оқудан өтті.

Білім беру ұйымдарында оқыған азаматтардың 198-і, ал жұмыс берушілердің жұмыс орнында оқығандардың 130-ы оқуын сәтті аяқтады. Олар тігінші, шаштараз-стилист, бухгалтер-кассир, аспаз, кондитер, визажист, кескіш, офис-менеджер, наубайшы және басқа да еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды меңгерді.

Кәсіптік оқытуға қатысушыларға шәкіртақы да қарастырылған. Білім беру ұйымдарында оқитын азаматтарға 43 574 теңге, ал жұмыс берушілердің жұмыс орындарында кәсіптік білім алушыларға 86 500 теңге мөлшерінде еңбекақы төленеді.

Ал екінші лек бойынша қосымша 190 азамат кәсіптік оқуға жолданып, қазіргі таңда білім беру ұйымдарында оқуын жалғастыруда. Олардың арасында тігінші, аспаз, кондитер, визажист, шаштараз-стилист, бухгалтер-кассир және тоқу машинасының операторы секілді мамандықтарды игеріп жатқан азаматтар бар.

Кәсіптік оқудың жалпы мерзімі – 3 ай. Оның 1 айы теориялық білім алуға, 2 айы өндірістік тәжірибеге бағытталған. Оқуды сәтті аяқтаған азаматтарға белгіленген үлгідегі сертификат табысталады.

Кәсіптік оқудан өткен азаматтардың жаңа мамандықты меңгеруі олардың еңбек нарығында өз орнын табуына мүмкіндік береді. Әсіресе, қысқа мерзімде нақты кәсіп игеріп, өндірістік тәжірибеден өту жұмысқа орналасу мүмкіндігін арттыра түсетіні анық. Оқуын аяқтаған азаматтар алған білімі мен дағдыларын пайдаланып, тұрақты жұмысқа орналасуға немесе өз кәсібін бастауға мүмкіндік алады. Осылайша, кәсіптік оқыту жұмыспен қамтуға ғана емес, азаматтардың жаңа бағытта кәсіби дамуына да жол ашып отыр.

7 МЫҢҒА ЖУЫҚ ТҰРҒЫН ТҰРАҚТЫ ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫ

Шымкент қаласында халықты жұмыспен қамту және тұрақты табыс көзін қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Биыл қала бойынша 11 427 адамды бос жұмыс орындары арқылы тұрақты жұмыспен қамту жоспарланған. Бүгінде аталған жоспар аясында 6 663 тұрғын тұрақты жұмысқа

орналасып, межелі көрсеткіштің 61,2 пайызы орындалды.



Айгерім Маратқызы

Тұрақты жұмысқа орналасқан тұрғындардың бірі – Амангелді Айгерім Маратқызы. Жұмыс іздеуші азаматша 2026 жылғы 12 тамызда Әл-Фараби ауданының мансап орталығы арқылы «Камея» медициналық орталығына тұрақты жұмысқа жолдама алған. Қазіргі таңда Айгерім Маратқызы аталған медициналық орталықта медбике болып еңбек етіп, өз мамандығы бойынша қызметін жалғастыруда.

Қала тұрғындарын жұмыспен қамту шараларына кеңінен тарту мақсатында Шымкент қаласының бес ауданында Мансап орталықтары жұмыс істейді. Аталған орталықтар тұрғындарға тұрғылықты мекенжайы бойынша қажетті қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, Қаратау және Еңбекші аудандарының тұрғындары Астана шағынауданы, 106 мекенжайындағы мансап орталығына, Абай және Тұран аудандарының тұрғындары Арғынбеков көшесі, 243/3 мекенжайына, ал Әл-Фараби ауданының тұрғындары Тәуке хан даңғылы, 6 мекенжайындағы мансап орталығына жүгіне алады.

Сонымен қатар, қала тұрғындары жұмыспен қамтуға бағытталған бірқатар мемлекеттік шараларға қатыса алады. Атап айтқанда, әлеуметтік жұмыс орындары, жастар практикасы, қоғамдық жұмыстар және зейнеталды жастағы азаматтарға арналған «Күміс жас» жобасы арқылы еңбек нарығына араласуға мүмкіндік бар. Жұмыс іздеушілер үшін бос жұмыс орындары туралы ақпарат Enbek.kz порталына тұрақты түрде жарияланып отырады. Бүгінде порталда Шымкент қаласының аумағында 4 мыңнан астам вакансия орналастырылған. Тұрғындар порталдың мобильді қосымшасын жүктеу арқылы үйден шықпай-ақ өзіне қолайлы жұмыс орындарымен танысып, қажетті ақпаратты ала алады.

Дайындаған
М.ЫБЫРАЙ

БІЗДІҢ КЕЙІПКЕР

(Соңы. Басы 1-бетте).

Алғаш істі қолға алған сәтте ұйымдас-тыру істері көп болды, қаржы жетіспеу-шілігі деген мәселе қолға байлау болға-ны рас. Бастапқыда 1 гектар алқапқа тұқым сеуіп, оған бір адам қарауыл болып отырды, қарауы аз болғасын оның өзін өлтіріп алған кезіміз де болды. Кейін бірте-бірте күш алдық. Кредит алдық, белсене іске кірістік. 6-7 жылдан кейін, тауар айналымын реттеп, ісіміз жүре бастағанда Дүниежүзілік банктің гран-тын ұтып алдық. Оның сомасы 50 мың АҚШ доллары, қазақ теңгесіне ауыс-тырғанда 7 миллионның үстіндегі ақ-шаға айналды. Ол қаржы бізге үлкен сеп болып, тұқымбақ алқабын ұлғай-тып, ағаш көшеттерінің түрін молай-туға, санын көбейтуге жәрдемі тиді. Осылай 7 жылдан кейін тұқымбағы-мыз толық күшіне келіп, айналымға түсті.

Басында шаруашылықты бір адаммен бастасақ, қазіргі таңда 6 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырмыз. Ал, көктем-гі-күзгі көшет дайындау, тұқым әзірлеу,



Әбутәліп Сүлейменұлы САРМАНОВ,
«Алтынтөбе» сәнді және жеміс ағаштарын
өсіретін орман тұқымбағының директоры

жоқ? Үйінде отырмай ма? Ақшаға той-майды екен» дегендей әңгіме естімей тұрғанда орнымызды тапқанның өзі естілік деп ойлаймын. Енді соларға жол беріп, өзіміз тұқымбақтың күнделікті күйбеңімен айналысып, пассивті кірісті қанағат тұтып жүрміз.

«Қала ішіне талшынмен қатар шынар ағашы да әдемі үйлеседі»

– Тұқымбақтың дамуы үшін ғылыммен әрдайым байланыс-ты болу керек шығар. Тәжірибе, технология, селекция дейтін салалар бір орында тұрмайды, дамиды. Бұл тұрғыда да айта-рыңыз бар шығар?

– Жоғарыда тоқталып өттім, қазір сәнді ағаштарға сұраныс көп.

қалаға ерекше өзіндік сән береді. Кезінде И.Кәрімов Киевке барып көшелерін кө-ріп келіп, Ташкен ғана емес, күллі Өз-бекстан қалалары талшынға көшіп кет-кен. Нешеме жылдық шынар ағаштарын жұлып, талшын қондырған. Тағы бір ескеретін нәрсе, қалалық жерде адамдар-дың аллергиясы көбейіп барады. Ол неден деп ойлайсыз? Ол аллергия осы қалаға егіліп жатқан үйеңкілерден. Жал-пы, үйеңкінің түрі көп қой, соның ішінде бізде егілетіні «шаған жапырақты үйең-кі» («клен ясенелистный»), өзі өлермен, бір рет егіп қойсаң ары қарай тамыр алып қана қоймай көбейіп те кете береді. Қалада сондай ағаш өте көп. Ол – өте жылдам аллергия тудырушы ағаш. Әсіре-се, тозаңданатын кезінде айналасына кері әсер етуі мүмкін. Сол себепті, қала ішіне ағаш егерде осындай жағдайлар, адам денсаулығын ескеру маңызды шаруа. Мұны орман саласының маманы ретінде астын сызып тұрып кеңес ретін-де айтар едім.

Қала ішінде талшын ағашын көбейту керек. Бұл ағаш өскен кезде бір бұтағы былай, екіншісі тағы басқа жаққа қиса-

ТҮРКІСТАНДЫ ТҮРЛЕНДІРГЕН ТҰҚЫМБАҚТЫ

оны егу, өскіндерді отырғызу, будандас-тыру дейтін маусымды жұмыстар баста-латын тұста ауылдың тұрғындарынан 7-8 әйел жұмыс істейді.

– Қазіргі бағыттарыңыз қалай? Қа-лыптасқан нарық, ағаш көшетін сұ-рап отыратын тұрақты өнімдері бар ма?

– Қазіргі таңда тұқымбақ өніміне сұраныс өзгеріп жатыр. Елдің дамуына, заманның талабына, азаматтарымыздың комфортты өмір сүранысына байланыс-ты біздің тұқымбақтың өнім түрлері де өзгеріп, толығып келеді.

Бұрын, алысқа бармай-ақ, өзіміздің Шымкент пен Түркістан қалаларында айналдырған қарағаш, үйеңкі, шаған, терек деген секілді жапырақты ағаштар-ды еге беретін. Қазір олай емес, талғам мен талап өзгерді. Бүгінгі таңда 3-4 метр биік өскен, дайын болып тұрған ағаш-тарға сұраныс болып жатыр. Сол сұра-ныстарды ескеріп, біз де тұқымбақты ыңғайластырып жатырмыз. Мысалы, құрылыс компаниялары қаланың бір ыңғайлы жерінен тұрғын үй кешендерін салған кезде ауласы мен айналасындағы барлық жасыл желекті аймақтарын да қоса қамтып өздері жасайды. «Ланд-шафтный дизайн» деген ұғым қалыптас-ты ғой. Яғни, олар бұрынғыдай кішкене көшеттерді егіп қоя салмайды. Бірден биіктігі 3-4 метр болатын ағаштарды түп-тамырымен әкеліп қондырады. Он-да да қала мен тұрғын үй кешеніне сән беретін ағаштарды тандайды. Сондық-тан, біз де тұқымбақта заман талабы мен сұранысына сай өзгеріс жасап, бағытын заманға бейімдеп жатырмыз. Қазір тұ-қымбақта ақ қайың, Қырым қарағайы, кәдімгі қарағай, көгілдір шырша, шы-нар, талшын, емен, шамшит секілді ағаш-бұталар бар.

Бұрындары сатылатын көшеттердің бойы жаппай 1,5-2 метр шамасында бо-латын. Қазір әрқайсысын жеке-жеке отырғызып, күтіп, баптап, арнайы пішін беріп, әдемі күйінде шығару керек. Осы бағытты ұстанып, жұмыс істеп жатқан жайымыз бар.

Осы жақында Белоруссиядан бозар-шаның (туя) әдемі сортынан 3 мың дана көшет алдырдым. Әрине, көшеттер қым-бат, әрқайсысы 600-700 теңгеден келді. Бозарша тұқымдарының ішінде «туя смарагд», «туя смарагд голден», «туя брабант» деген сұрыптар бар, интернет-тен іздеп көрсеңіздер болады. Сол сұ-рыптарды алып, өсіріп, тұқымын өзіміз көбейтеміз деген жоспарымыз бар. Көр-ші Қырғызстаннан 4 мың көгілдір шыр-

шаның өскінін алдырдым. Егіп қойдық, қазір көгеріп, өніп жатыр. Өзбекстаннан Қырым қарағайының 2 мың түп көшетін, қырғыздан да соншасын алдырдым. Со-нымен бірге, самырсын (пихта) ағашы-ның жас өскіндерін де жетіздік. Ол жақта тұқымнан өндіріп, өскіндерін дайындай-ды. Бізге жеткені 10-20 сантиметрлік өскіндер. Жеке-жеке отырғызып, күтіп-баптап, ағаш көшеті егіп шығарамыз. Көгілдір шыршалардың 1,5 метр болып өсіп-жетілуіне 8-10 жыл, Қырым қара-ғайларының 2 метрге жетуі үшін 6-7 жыл керек.



3 жылдай Түркістан қаласында жұ-мыс істеп, облыс орталығының көркейіп өсуіне, көгалдана түсуіне өз үлесімізді қостық. Қала көшелері мен саябақта-рындағы ағаштардың көп бөлігі біздің тұқымбақтың өнімі. Ол жұмыстарға өзіміздің мекеме атынан қатыстық. Түр-кістанның айналасына қаншама мил-лиондаған ағаш ектік, өзіндік орман бел-деуі қалыптасуына атсалыстық. Ол жақ-қа негізінен шөлге төзімді қарағаш се-кілді ағаш көшеттері егілді. Ал, қаланың ішін абаттандыруға, оның ішінде ескі бөлігін, жаңа қаланың, үлкен жолдардың бойының көркеюіне үлесімізді қосқаны-мызды мақтанышпен айтамыз. Қазіргі уақытта 2 жылдың көлемі болып қалды, ондай ірі көлемдегі жұмыстар тоқтап тұр. Тек тұқымбақтың ішкі жұмыстары, бау-бақша сияқты ұсақ шаруалармен шұғылданып жатырмыз. Оның үстіне, жас та 60-қа кеп қалды, баяғы жас кезі-міздегідей тәуекел етіп ұмтыла бермей-тін болдық. Жастардан «Шалдарға не

Бұрын өзіңіз білесіз, кішкене көшеттерді жаппай егіп, оның көбі қараусыздықтан қурап жататын. Ол кезде қарағаш, үйеңкі (клен), шаған (ясень) дегендерді 10 мың-дап, 20 мыңдап сатушы едік, демеуші-лікпен қоғамдық орындарға сыйға бере-тінбіз. Қазір ондай сұраныс болмай қал-ды. Бүгінде арнайы пішінге келтірілген сәндік ағаштардың сұранысы зор. Сол бағытқа бейімделіп келеміз. Сұраныс-тың толастаған кезі жоқ. «Таза Қазақ-стан» бағдарламасы қайта ынталанды-рып жатыр. Оның үстіне біздің тұқымбақ Түркістан облысындағы ең ірі жеке тұ-

йып тарбайып кетпейді, діңі түзу, өте симметриялы түрде өседі. Артық бұта-ғын кесіп, бұтап, баптап жатуды қажет етпейді. Сосын, гүлдеген сәтінде де аппақ әдемі күлтелі гүл ашады. Жапы-рақтарын айтыңыз, жапырағының өзі әдемі, аулаға сән беріп тұрады. Өзі сымбатты ағаш болғасын қалаға өзінше көрік береді. Ашық жерлерге, саябақтар-ға ексе, тамаша болады. Талшынмен қатар, қала ішіне шынар ағашы да әдемі үйлеседі. Биік өсетін шынар ағашы айналасын көке көлеңке түсіріп тұрады. Абаттандыруда осындай ерекшеліктерді ескеру маңызды.

«Тұқымбаққа арналған субсидиялар, жеңілдетілген несиелеу жүйесі іске қосылар болса, қаншама қаржы елде қалар еді»

– Тұқымбағыңызда өсірілген кө-шеттерді алыс-жақын аймақтардан сұраныс көп екенін айтып отырсыз. Нарыққа кіру жолдарыңыз қалай болды? Қазығұрттық тұқымбақта өс-кен көшеттер қай қалаларға көрік беріп тұр?

– Бізге тапсырыс беретіндердің дені негізінен мемлекеттік тапсырыс алып жататын ірі компаниялар, көгалдандыру, ландшафт дизайнымен айналысатын мекемелер. Десе де, Құдайға шүкір, ай-наласын көгалдандырғысы, ағаш еккісі келетін кісілер қазір көбейіп келеді. Тау жақтағы тұқымбаққа ерінбей барып, өздері таңдап жүріп көшет алып кететін жеке азаматтар да кездесіп тұрады.

Өзіңіз білесіз, қазіргі таңда Қап-лан-бекте жол бойында тұрып ағаш көшетін сататындар көбейіп кеткен. Олардың көбі көшет әзірлемейді, баптамайды, тек алып-сатумен айналысады. Арасында көшет әзірлейтіндер де бар, бірақ олар аз. Көбі басқа жақтан арзанға алдырады, үстіне құнын қосып өздері сатады. Сон-дай кісілер де келіп, алып кетіп жатады.

Осыдан 10-15 жыл бұрын Шымкентте «ЛТД-Тұрмыс» ЖШС деген үлкен меке-ме болатын, қаланың барлық абаттанды-ру, көгалдандыру, тазалығы бар, барлық шаруасын сол ұжым атқаратын. Ең ірі тұтынушыларымыздың бірі болатын. Сол компания қазір жұмыс істемей қал-ды. Ол табысты кездер еді. Жұмысшыла-рымыздың бәрі жақсы жалақы, сыйақы алып тұрды.

Жалпы, ауылдық жерде тұрғындарға

тұрақты жұмыс тауып беру өте қиын ғой. Әйелдер, жас келіншектер үйінде құр отырғысы келмей қосымша табыс тапсақ дейді. Солардың 7-8-і біздің тұқымбақта жұмыс істеп жүр. Көктемгі маусымдық жұмыс кезінде жас өскіндерді егу, жас көшеттерді күтіп-баптау, арамшөптерді отау, арық-атызын дұрыстау дегендей жұмыстар шығады. Ол кезде қосымша қол күші керек болады. Тұқымбақ баптаудың жұмысы өте ауыр, физикалық жұмыс, көбіне қолмен атқарылатын тірлік. Бәрін техникамен атқару дәрежесіне әлі жете қоймадық. Әрине, жер айдау, оны өңдеу, культивациялау, арық-атыз салу, шөп шабу, жинау, көшеттерді тасымалдау дегендей жұмыстарды атқаратын техникамыз баршылық. Десе де, қалың өскен ағаш көшеттерінің ішіне кіріп, шөпті отау сықылды майда шаруаларды атқаруға техниканың шамасы келмей жатады. Сондықтан барлығы қолмен атқарылады.

Біздің тұқымбақ өндірген көшеттердің таралу географиясы Қазақстанның біршама бөлігін қамтиды. Оның ішінде

мен бір көшетке 9-15 теңгенің айналасы. Осының өзі біз үшін үлкен көмек болар еді. Сол кодекстің қабылданғанына 10 жылдан асып кетті, жаңағы мен айтып отырған ақшаны төлеудің тетігі әлі жасалынған жоқ. Ешқандай субсидия берілмейді. Ал, бидай болсын, басқасы болсын, бәріне субсидия беріліп отыр. Тек егістік қана емес, тұқымбаққа да жанар-жағармай, дәрі-дәрмек, тыңайтқыш шығындаймыз ғой. Не болмаса, ұзақ мерзімге бағдарланатын жеңілдетілген несиелер қарастырылса, ол да жоқ. Тұқымбақ ұзақ мерзімді жұмыс. Орман тұқымбағы деген шаруа бір жылда жемісін көрсете салмайды, уақыт керек. Мал бордақылау, асылдандыру, жылыжай шаруашылықтарына жеңілдіктер, көмектер беріліп жатыр ғой. Осы жағы назарға алынбағандықтан орман шаруашылығы кенже қалып отыр.

Жалпы, қазіргі таңда тұқымбақ өсіретін шаруашылықтар көбейіп қалды. Өйткені, табыс көзі болып отыр. Бірақ, сұранысқа шақсақ, осының өзі аздық етеді. Санаулы болғандықтан өнім қым-

– Тұқымбақ ісіне еңбекке төзімді мықты мамандар қажет. Қазір сұранысқа қарай алыс-жақын шетелдермен байланыс жасай отырып, жақсы өскіндерді алып тұқым қорын арттыра түсу де маңызды болып тұр бүгінде. Еліміздің басқа өңірлерінің сұранысын зерттеу де маманды, уақытты, қаржыны қажет етеді. Тұқымбақ – ұзақ мерзімді қаржы мен инвестиция салып отыруды да жақсы көретін сала.

Ауылдағы тұқымбаққа 7-8 жылдан бері Қалыбеков Қанат деген жігіт жетекшілік етеді. Оның да жасы биыл алпысқа кеп қалды. Тәжірибесі мол, өзі агроном, ағаш өсірудің шебері. Неге жасын айтып отырмын, бұл салаға жастар керек. Біздің қазіргі мақсатымыз – 1-2 жылдың көлемінде заман талабына сай сәндік ағаштардың көшетін әзірлеу. Қазір сол бағытта жұмыс істеп жатырмыз, алдыңғы толқынмен алыстан жеткізген көшеттеріміз 6-7 жылдың жобасында айналымға салуға жарап қалады деп күтіп отырмыз.

Негізі, біз тұқымбақ шаруашылығы

шықты, мемлекеттік актісін алу керек болды, сөйтсек, ауылдың ұжымы бізге айтпастан өздеріне мемлекеттік акт алып қойыпты. Содан ол құжатты ала алмадық. Кейін ауыл тұрғындары арасында 2 рет жиналыс болып, ауылдастарым қолдап, тұқымбақтың өзіне жерді бөлек бөліп беру туралы шешімге келді. Енді, 20 жылдан бері сол жерде жұмыс істеп келе жатырмыз, еңбегіміз сіңді, ағаштарымыз жан-жақты өсті дегендей. Ауылдың мектептері, балабақшасы, мешіттері болсын, қоғамдық орындарының барлығына біздің тұқымбақтан өнген көшеттері тегін беріледі. Ауыл ақсақалдары осыны айтып, батасын берді. Хаттама түзіп, тиісті жерімізді құжаттады. Бәрі бітті ғой дегенде Түркістан облысының жер ресурстары басқармасы «аудан әкімінің қаулысы дұрыс шықпаған» деген желеумен сотқа беріпті. Арыз берген кім десек, көрші елді мекеннен шыққан бір блогер жігіт екен. Оның біздің ауылға да, ауыл тұрғындарына да, ауылдың жеріне де қатысы жоқ. Былайша айтқанда, мүдделі адам емес. Сондағысы, қаулының бір бетінде үтірі жоқ, парақтары нөмірленбеген деген сықылды ескертулер. Өзіңіз де білесіз, шаруашылық мақсатындағы жерлер арнайы конкурс өткізу арқылы беріледі. Ол конкурсқа бізден басқа ешкім түспеген, өйткені жердің мақсаты тұқымбақ екені көрініп тұр. Қазір сол мәселемен жүрміз, екі рет сотқа бардым. Жеріміз осындай жағдайда тұр.

Жиырма жылдан бері сол жерде еңбек етіп келе жатырмыз, қанша адам жұмыс істеп, нанын сол жерден жеп отыр. Бос жатқан не болмаса игерусіз, пайдаланусыз жатқан жер емес. Жұмыс істеп тұрған, еліміз бен жерімізге пайдасы тиіп жатқан жер. Ал, арыз берген жігіт ол жерге де, біздің ауылға да қатысы жоқ кісі. Келеді де, сыртымыздан арызданады. Осыны түсінбей жүрміз.

– Еліміз бен жерімізді көгертуде Сіздің еңбегіңіз бар. Бұл ақиқат. Сіздіңше, «Патриот» деген кім?

– Патриот деген не? Әлде кім?

«Патриот» дегенде оны «жалған патриоттықпен» шатастырмау керек. Кейбіреулер бар, жұрт алдында әдемі сөйлеп, сол сөзіне елді сендіріп, артынан істеп жүретіні басқа тірлік. Адалдық, әділдік, туралық деп ұрандаған талай жігітті көрдік. Кейін содан күдіктенетін жағдайға жеттік. «Патриотпын» дегенге күмәнмен қарау керек қазір. Әлеуметтік желіде жылы сөз айтқанның бәрін патриот деп қарауға болмайды.

«Патриот» деп қалай, кімді айтамыз енді? Бұрынғы заман жоқ қой қазір. Өкімет басындағы, қолында билігі бар шенеуніктер, мемлекеттік қызметкерлер де бұрынғыдай ел игілігін басты нысанаға ала бермейді. Әр сөзін, әр ісін сақтықпен есептеп, айтады. Бүгінде мемлекеттік қызметкерге қарағанда, жеке кәсіппен айналысқан кісі өзіне де, елі үшін де пайдалы ма деймін. Шаруасың. Тынышсың. Әрине, тәуекелі көп. Қазір орман шаруашылығымен жанасып жатқан барлық шаруалармен қатар айналысып жатырмыз. Олардың ішінде біреуі пайда түсіруі мүмкін, екіншісі басқасынан келетін шығынның орнын жауып жатады. Оларды жүргізу үшін не деген қиындықты еңсересің. Ессесіне қызықты. Өзіңмен-өзің, шаруашылығың да, өмірің де өз бетінше қызық. Кәсіптің көзін таба алсаң, еңбегіңнің берекесін табасың. Ретін білмесең, банкрот боласың. Меніңше, патриот дегеніміз сол – өз саласының білгірі, сол арқылы еліне қандай да бір пайда тигізіп жүретін азамат. Өз саласының кәсіби білгірі болмаса, «мен – елімнің патриотымын!» деп көкірек ұрғаныңнан елге пайда бар ма?

– Әңгімеңізге рақмет!

С.ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ

ҚАЗЫҒҰРТТАН ТАБАСЫЗ

ірі қалалардан Алматы қаласы мен оның айналасы, басқа да біраз өңірлер бар. Соңғы 1-2 жыл көлемінде Шымкент қаласы онша тапсырыс бермей қойғаны болмаса, басты тұтынушы қалалардың бәрі болып қалып отыр. Есесіне Түркістан қаласы биыл бірталай жақсы көшетімізді алып, басты тұтынушымызға айналды. Әйтеуір, осылай күнімізді көріп келе жатырмыз.

– Еліміздегі соңғы 10 жыл көлеміндегі Қостанай, Семейдегі орман өртінен кейін орман және тұқымбақ шаруашылығында, орман қорын арттыруға бағытталған қандай өзгерістер болып жатыр? Көңіліңізден шыға ма?

– Бұл тақырып – қазір ең өзекті тақырыптардың бірі болып отырғаны рас. Бұған дейін республикамыздағы жалақысы ең азы осы – орман шаруашылығы саласы болып келген еді. Қазір еңбекақы көбейіп, материалдық-техникалық базалардың барлығы жөнге келіп, мемлекет тарапынан көңіл бөліп жатыр. Мұны айтуымыз керек.

Бірақ, біз оқыған кездегідей маман даярлау кемшін соғып тұр. Білім беру саласының сапасы көңілден шықпайды. Біз студент болған уақытта Алматы ауыл шаруашылығы институтының «Орман шаруашылығы» факультеті – Қазақстан көлеміндегі жалғыз оқу көзі болатын. Қазіргі уақытта жеке жоғары оқу орындарының көбі беталды осы мамандықты ашып алды да, сапа жойылды. Оларда сабақ беретін білімді мұғалім кадрлар аз, тек диплом берумен айналысып жатыр десем, артық айтқандық бола қоймас. Ондай оқу орнын бітіргендердің өзі орман шаруашылығына барып жұмысқа араласқаннан кейін ғана керегін үйреніп жүргенін айтып жүр. Ал, біз оқыған кезде өңкей ғылым кандидаттары дәріс беретін. Айтулы профессорлардың алдын көріп, тәрбиесін алдық, саланың қыр-сырын үйретті. Қазір не? Қазір Алматы аграрлық университет қой, декандарының барлығын білемін, ал оқытушылар құрамының дені магистратура бітірген жас мамандар. Олар білімді терендеп бара алмайды.

Еліміздегі орман шаруашылығы саласына алапат өрттен кейін ғана көңіл бөлінді. Бірақ, мәселені шешудің түбіне дейін барған жоқ. Бір мысал айта кетейін. Осыдан он шақты жыл бұрын да Орман кодексі болған, сол заң бойынша жеке тұқымбақтар мен жеке плантацияларға күтіп-баптаған көшеттеріне қарай қаражат бөлінуі тиіс болатын. Ол шама-



баттау болып жатыр. Егер субсидияланатын болса, баға түсіп, қолжетімді болар еді. Тағы бір кілттипанды айта кетсек, Қапалбек жақтағы алып-сатарлықпен айналысатын ағайындардың көбі Өзбекстанның дайын өнімін сатады. Бағаның арзан болу себебі содан. Еліміздің басқа өңірлері сол жерден алып кетіп жатады. Сырттан келетін көшеттердің біздің жерге жерсінуді қиындау. Өнуінен курауы көп. Ал, басқа өңірлерде ағаш көшетінің бағасы тым қымбат. Міне, ағаш көшетін өндіру ісіндегі қаншама қаржымыз әшейін-ақ өзбек еліне ағылып кетіп жатқанын осы жерден аңдаймыз.

Тұқымбаққа арналған субсидиялар, немесе жеңілдетілген несиелеу жүйесі іске қосылар болса, қаншама шаруаларымыз онынан шешілер еді. Қаржы да елде қалар еді.

Патриот дегеніміз - өз саласының білгірі, сол арқылы еліне қандай да бір пайда тигізіп жүретін азамат

– Тұқымбақ шаруашылығы табысты кәсіп пе? Тәуекелдер мен қиындықтар, табысы мен жемісі жайында тәжірибенізді бөліссеніз. Қазір қандай мәселелеріңіз бар? Оны шешудің мүмкіндіктері бар ма?



МҰҒАЛІМ – ШОУМЕН, БІЛІМ – ОЙЫН ЕМЕС!

Соңғы жылдары білім саласында өте жиі айтылатын бір тренд бар: «Мұғалім сабақты қызықты өткізуі керек, оқушыны қызықтыра білуі тиіс». Бұл – қазір Білім басқармалары мен мектеп әкімшілігінің мұғалімге қоятын басты талабына айналды. Бұндай талапты ата-аналардан да жиі естиміз.

«Жасанды интелект (ЖИ) қолдан, сабақты қызықты ет, интерактив қос, ойын ойнат...» Мұғалім сабаққа емес, әдемі презентация мен ойын платформаларын баптауға дайындалады. Ал осы «шоудың» шынайы нәтижесі қандай? Өкінішке орай, бұл сұрақ ешкімді ойландырмайтын сияқты.

Иә, бастауыш сыныпта сабақты ойын түрінде өткізу, қызықты тапсырмалар беру өз нәтижесін берер. Бала мектепке бейімделеді. Ал орта буынға келгенде ше? Орта буында балаға, ең алдымен, жауапкершілік дегенді үйрету керек! Үп-үлкен балаға мұғалім әр сабақта «подход» іздеуге міндетті емес. 45 минуттың ішінде 25 баланың бабын тауып, әрқайсысына «әкем-көкем» деп отырса, мұғалім нені үлгереді?

Мектеп – көңіл көтеретін орталық емес, өмірге, болашаққа дайындайтын білім ошағы. Ата-ана мен мектеп балаға жауапкершілікті қатар талап еткенде ғана сапалы нәтиже болады!

45 минуттың нағыз құны:

- Күрделі тақырыпты терең түсіндіру;
- Тапсырмаларды орындату және оны талдау;
- Оқушы білімін тексеріп, әділ бағалау.

Білім беру процесі – «клоунада» немесе шоу емес. Мұғалім – актер, ал сабақ – шоу емес. Мұғалімнің басты функциясы – сапалы білім беру және материалды жүйелеу. Білімді ойынға айналдыруды тоқтатуымыз керек. Үйде балаға: «Сабақта тыныш отыр, мұғалімді мұқият тыңда, тапсырманы орында» деп құлағына құйып отыру – ең әуелі АТА-АНАНЫҢ міндеті.

«Балам сабақты түсінбейді» деген шағымның түп-тамыры көбіне мұғалімде емес, баланың білім алу дағдысының (learning skills) жоқтығында. Сабақ оқу, тапсырманы уақытылы орындау дағдысын қалыптастыра алмасаңыз, баланың сабақты түсінбегеніне мұғалімді айыптау әділ ме?

Ойланып көрейікші: «Бір сыныптағы басқа бала түсініп, сіздің балаңыз неге түсінбей қалды? Мұғалім ол балаға жеке түсіндірді ме, әлде ол баланың жауапкершілігі мен үйдегі тәртібі жоғары ма?».

Орта буындағы негізгі мәселе – бала бойында ішкі мотивация мен академиялық жауапкершілікті қалыптастыру. Егер біз 5-9 сынып оқушысының соңынан «подход» іздеп, көңілін тауып, білімді ойынға айналдыра берсек, біз жауапкершіліктен қашатын, терең ойлана алмайтын буынды тәрбиелейміз.

Түйін: Білім беру жүйесін «көңіл көтеру орталығына» айналдыруды тоқтатуымыз керек. Бала мектепке ойын ойнау үшін емес, болашақ өміріне қажетті білім мен жауапкершілікті меңгеру үшін келеді. Білім басқармалары мұғалімнен жылтырақ «отчет» пен цифрлық анимацияны емес, оқушының миында қалған ИДЕЯ мен БІЛІМДІ талап етуі тиіс.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

ҚАЗАҚ ТОЙЫНЫҢ ЖАҢА ҮЛГІСІ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Әрбір отбасы үйде болатын ерекше қуанышын көпшілікпен бірге атап өтуге мән беретіні анық. Бұл ретте мәртебелі де мерейлі шаттық – шаңыраққа келін түсіріп, қыз ұзату. Тойға жақындағы жанашырлардан бастап, алыстағы ағайын, сыйлас аға-іні, құрбы-құрдастармен қатар, замандастарыңды шақырып қуанышыңды бөлісесің. Бірнеше ай дайындалып, шақырылған қонақтарға сый-құрметіңді көрсету жолында бар ынта-жігеріңді саласың. «Тойдың болғанынан болары қызық» деп осыны айтса керек.

Той өткізудің белгілі бір шарты немесе нұсқаулығы болмаса да, ол бұрынғы ата-баба салтымен уақтылы жаңарып, жалғасын тауып келе жатыр. Мәселен, құда түсу, сырға салу, той жасау, кейіннен құда шақыру секілді көптеген міндеттердің барлығы ойдағыдай атқарылып, азды-кемді өзгерістерімен қолданылып келеді. Үлкен тойларды өткізетін салтанатты сарайлар жаңарып, тойдың көркемдік жағы жоғарылап, ас мәзірлері түрлендіріліп, асабалар шеберліктерін шыңдап, түрлі безендірулер көңілге қуаныш сыйлайды. Алайда, осындай жақсы мүмкіндіктер болса да тойдың кеш басталуы, бір сарындылығы, ұзақ уақыт отырыс, жаппай тілек айту, дыбыс күшейткіштердің жағымсыз әсері туралы сындар айтылып та, жазылып та жүр. Сондықтан, осы бағытта ойға алған ұсыныс-пікірімді білдіргенді жөн санадым.

Той уақыты

Әлбетте, той қонақтары жақсы дем алып, шаттық көңілмен, салтанатты кештен рухани күш жинап қайтуға тиісті. Осы тұрғыда, біраз ақылға салатын жайттар бар. Айталық, адамдардың түнгі мезгілде тамақ жеуі уақытпен сәйкес келмейді. Елде адамдар үшін жүріп-тұру қиындығы өз алдына, ауылдағы ағайынның келіп-кетуіне қолайсыздық тудырып, қонақтарға қызмет етушілерді әжептәуір әбігерге салатыны сөзсіз. Бұған қоса, түнде тойға барамын деп үйдегі жас балаларды иесіз қалдыра алмайсың. Тойда көңіл көтеремін немесе жұмыстан шаршап шығып, шақырушының көңілін қимай барып, көлік айдағанның салдарынан қаншама жол оқиғасы орын алып, жан түршігерлік жайттарға куә болып жатырмыз десеніңші?! Қарапайым ғана ойлау жүйесімен қарар болсақ, мезгілімен тынығып, демалмай түнімен тойда болған адамның ертеңгі күні жана іс бастауға, міндеттерін толық орындауға, көлікпен жолға шығуға қабілеті төмен болатыны кім-кімге де белгілі ғой. Осындай жайттарды ескере отырып, тойды күндіз өткізген қолайлы секілді.

Той дастарқаны

Той қонақтарын салтанатты сарайда орналастыру, олардың өздерін жайлы сезінуіне көп көңіл бөлген дұрыс. Меймандар жас шамаларына қарай мейрамхана дастарқанның төріне үлкендерді, төменгі жағына жастарды жайғастырып, жігіт пен қалыңдық сол екі бөліктің ортасына отырса жарасымды болмай ма? Жоғарғы бөліктегі үлкендердің дастарқан мәзірі, тойдың ұзақтық уақыты, дыбыс күшейткіштері тағы да басқа жағдайлар бөлек қарастырылуымен қатар, тойдың бірінші кезеңінде бір жарым-екі сағат көлемінде үлкендер (80-60 жас аралығы) той қуанышын тамашалап, той иелерінен құрметін көріп, жастарға баталарын беріп үйлеріне қайтуға мүмкіндік жасалғаны, осы жерде ас қайтарылып 10-15 минуттық үзіліс жарияланып, орындықтар ысырылып, ортаны кеңейтіп жастарға билеуге, ойындар ұйымдастыруға ыңғайландырылғаны ғажап емес

пе?! Қонақтардың тойды жалғастыруға ынталы топтары қайта келіп жайғасса да болады. Шаршағандары, түрлі шаруалары барлары жүре беруге рұқсат етіледі.

Айта кетерлігі – тойдың бірінші кезеңінің ұлттық болмысты ерекшелейтін жолдары қарастырылу керек. Дәстүрлі әндер айтылып, жыр-термелер орындалып, тойбастар, тойтаркар секілді жоралғыларымен, қазақы салт-дәстүрмен сабақтасқаны тойға қатынасушы жастарға үлгі-өнеге болары анық. Тойдың бірінші кезеңінде тілек айтылмайды, бата беріледі. Ортаға шыққан ағайын-туыс, құда-жекжаттар, нағашы-жиен-бөлелердің үлкендері бір адамнан бата бергендері абзал. Бірлесіп өздерінің баталарынан кейін жергілікті әнші, жыршы-термешілерін ала келіп жақсы әуен орындалса той иесіне деген құрмет, тойшы қауымға қошемет, өнер иесіне ілтипат болар еді. Бұл соңғы кездерде қолданыстан қалып бара жатқан бата беру салты мен көп орындалмай, орындаушылары да сиреген халық аспаптарымен сүйемелденетін өнер түрін де қолдау көрсетуді қажет етеді.



Ал, тойдың екінші кезеңінде кештің қазақы көрінісін сақтай отырып, той дастарқанындағы жастардың көңілінен шығатындай ұйымдастыру – той иесі мен асабаның міндеті. Әрине, той – өнердің ортасы. Ақындық, шешендік сөздер, тамылжыта ән салу, күмбірлеген күй тарту, мың бұрала билеу, тағысын тағы өнері бар той қонақтары түгелдей қатынасуы керек. Бойларында титтей таланттың ұшқыны байқалатын жандардың бұл істері тойдың көркемдігін көтерумен қатар, өнерлерін дамытып, шеберліктерін шыңдай түсуге зор септігін тигізетіні анық.

Асаба

Тойдың жақсы өтуі 70 пайыз асабаға байланысты. Сондықтан, асаба бір сарындылықтан арғылы, той иесінің мүмкіндігін ескеріп, той қонақтарының жас шамасына, кәсіп түріне, отбасылық бейімділігіне қарай той бағдарламасын жасақтауы керек. Жаңа жобалар ұсынып, кешті жүргізу ерекшеліктері арқылы той қонақтарын сергітіп, көтеріңкі көңіл-күймен алға жетелеп отыруға міндетті. Әрине, асаба той басқаруды қолға алғанымен, көп жағдайда той иесінің талғамына, түсінігіне бағынып, ықпалына тәуелді болатыны жасырын емес. Ал, тәуелділік таланттық қасиеттерін төмендетумен қатар жаңашылдық ізденістерін де тежейді.

Оның арты бір сарындылыққа әкеліп, тойға қатысушыларды мезі етіп жіберіп жүргенін қайтерсің? Сол себепті, тойдың бірінші кезеңінде өнер сайысы, жігітпен қыздың айтысы, нағашы мен жиеннің әзілі, мақал-мәтелдер жарысы секілді той қонақтарының көпшілік бөлігі атсалысатындай тың шаралар қажет. Қазақтың салт-дәстүрлерінен сұрақтар, тарих пен шежіреден сыр шертер ойлар, ұмыт бола бастаған жәдігерлер мен қолданыстан қалып бара жатқан халықтық қазына төңірегінде сайыстар ұйымдастыру тойдың тағылымдылығын арттыра түседі.

Ағайындардың ортасынан шыққан бата беруші адамның үлгілі өмір жолын, атақ-дәрежелерін, қоғамдағы, туыстар арасындағы атқарған істерін дәріптеп жеткізу орынды. Біз бата берушіні ардақтай отырып, батаның қасиетін ұғындырып, ортаға сыйлы, игілікті іс атқарар саналы ұрпақ қалыптастыруды ойлауымыз қажет. Тойдың екінші жастарға арналған кезеңі көтеріңкі көңілдегі ән-би, қызғылықты шаралармен қатар кеш қонақтарын мәдениеттілікке тәрбиелейтін, намысын жігерлендіретін бағдарламалардың болғаны жөн. Ұлттық құндылығымыз төңірегінде сайыстар, танымдық, логикалық сұрақтар арқылы ой өрісін кеңейту жолдары ойластырғанымыз абзал.

Той иесі

Тұрмыстық жағдайымыздың жақсарғаны болар, бүгінгі тойлар бәсеке-бәйгеге бейімделіп барады. «Мал баланың – шашуы» деген-

мен де, ұлттық тәрбиенің түп тамыры өзіңнен, шаңырағыңнан басталатындығын естен шығармаған дұрыс. Аста-төк ысырапшылық пен атақ-данқ қуалаушылықтың жас отау иесі үшін ешқандай тигізер пайдасы жоқ. Тойларда алыстан алдырған әншілердің өнер шеберлігі мен кәсіби биіктігі бағаланбайды. Оны «Пәленше тойына пәленше жұлдызды шақырыпты» деген атақ үшін немесе жанында тұрып суретке түсуге пайдаланып жүргеніміз жасырын емес. Осындай мақсатқа жұмсалатын қаржыны жас отау иелері құрметіне мәні мен мазмұны жарасқан шараларға жұмсаса керемет емес пе?!

Сайып келгенде, той өткізу барысында ойланатын жайттар көп-ақ. Алдағы уақытта той жасаудың қазақы жолын ойластырып, таңдаған асабамен тиянақты бағдарлама жасау арқылы келген қонақтардың көңіл-күйін тауып, абыроймен аяқтау той иесінің жауапкершілігінде екенін сезінсе игі дейсің. «Дарақы мырзалықтан сыпайы сараңдық артық» демекші, алтын уақытымызды, жинаған қаражатымызды, мал-мүлкімізді ысырапшылыққа ұрындырмай тойымызды мәнді де сәнді өткізейік, ағайын!

Мұрат САРМАНОВ

АЛҒАШҚЫ ДОМБЫРА ҚАЛАЙ ЖАСАЛҒАН?

XIX ғасырда қазақ халқының тұрмысында анағұрлым кең тараған музыкалық аспап екі ішекті домбыра болатын. Егер бұрынғы заманда көне аспаптар ән, жыр, ертегі-аңыздарды сүйемелдеу үшін ғана қолданылған болса, енді домбыра жеке шығарма орындауға арналып, күрделі аспаптардың қатарына қосылады.

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы мен рухани мәдениетін сөз еткенде, ең алдымен, көз алдымызға домбыра келеді. Домбыра – халқымыздың қуанышы мен қайғысын, арман-тілегі мен ерлік рухын, даналығы мен дүниетанымын ұрпақтан ұрпаққа жеткізген қасиетті музыкалық аспап. Ол – жай ғана ағаштан жасалған қос ішекті аспап емес, ұлттың рухын, тарихын және болмысын сақтап келген баға жетпес мәдени мұра. Қазақтың «Нағыз қазақ – қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген қанатты сөзі домбыраның халық өміріндегі ерекше орнын айқын көрсетеді. Домбыраның күмбірлеген үні ғасырлар бойы кең байтақ даланы тербеп, елдің қуанышы мен қайғысын бірге бөлісіп келеді.

Домбыра – әлемдегі ең көне музыкалық аспаптардың бірі. Археологиялық зерттеулерге сүйенсек, қазіргі Қазақстан аумағында екі мың жылдан астам уақыт бұрын да шертпелі аспаптар пайдаланылған. Ежелгі жартастарға салынған суреттерде қолына екі ішекті аспап ұстаған адамдар бейнеленген. Бұл домбыраның тарихының тым тереңде жатқанын дәлелдейді. Бұл аспаптың пайда болуы жөнінде халық арасында көптеген аңыздар сақталған. Солардың бірі бойынша, аңшы ағашқа керілген ішектің желмен тербеліп, әсем үн шығарғанын байқап, содан шабыт алып алғашқы домбыраны жасаған екен.

Тағы бір аңызда домбыраның қос ішегі өмір мен өлімді, қуаныш пен мұңды, жақсылық пен жамандықты бейнелейді деп айтылады. Ол негізінен бірнеше бөліктен тұрады: шанақ – дыбысты күшейтетін негізгі бөлігі, мойын – пернелер орналасатын ұзын



бөлік, бас – құлақтар бекітілетін бөлігі, құлақтар – ішектерді күйге келтіруге арналған, пернелер – дыбыстың биіктігін анықтайды, екі ішек – домбыраның басты дыбыс көзі. Аталмыш аспап көбіне қайың, қарағай, шырша, жаңғақ сияқты ағаштардан жасалады. Әрбір шебер ағаштың қасиетін ескеріп, оның табиғи үнін сақтауға ерекше мән береді.

Домбыра жасау – үлкен шеберлікті, шыдамдылықты және өнерді талап ететін кәсіп. Қазақ халқы көптеген ұлы күйші-композиторларды дүниеге әкелді. Олардың шығармалары бүгінгі күнге дейін халық арасында кеңінен орындалып келеді. Күй атасы атанған Құрманғазының күйлері еркіндік пен батырлық рухын бейнелейді. Дәулеткерейдің шығармалары нәзік сезім мен терең ойға құрылған. Тәттімбет шертпе күйдің үздік өкілі ретінде танылса, Дина Нұрпейісова қазақ музыка өнерін жаңа биікке көтерді. Олардың әрбір күйі – халқымыздың тарихын баяндайтын рухани мұра.

Домбыра – қазақ халқының ұлттық болмысын айқындайтын басты рәміздердің бірі. Оның қоңыр үні туған жердің кең даласын, еркіндік рухын, халықтың даналығы мен мейірімін бейнелейді. Ұлттық аспап арқылы ұрпақтар арасындағы рухани байланыс үзілмей келеді. Ол халқымыздың мәдени кодын сақтап, ұлттық дәстүрдің өміршендігін қамтамасыз етіп отырған асыл мұра. Оның әрбір үні туған жерге деген сүйіспеншілікті, ата-баба аманатына деген құрметті және ұлттық рухты сезіндіреді. Халқымыздың мәңгілік мәдени мұрасы, ұлттың жүрегінен шыққан үні, елдігіміздің символы саналатын домбыраны қастерлеу – өз тарихымызды, мәдениетімізді және ұлттық құндылықтарымызды құрметтеу деген сөз. Қос ішектен төгілген күй үні қазақ елімен бірге мәңгі жасай беретіні сөзсіз.

Г.ҚОҢЫРБАЕВА
«Ұлы Дала Елі»
орталығының қызметкері

ОРМАНДА ЗИЯНКЕСТЕРГЕ ОРЫН ЖОҚ

Орман – табиғи тепе-теңдікті сақтайтын, қоршаған ортаны қорғауда маңызды рөл атқаратын табиғи байлық. Орман алқаптары топырақты эрозиядан қорғайды, ауаны тазартады, климатты реттейді және көптеген жануарлар мен өсімдіктерге қолайлы мекен болып табылады. Сондықтан орманның жағдайын сақтау мен оны қорғау – табиғатты қорғау саласындағы маңызды міндеттердің бірі.

Орманға қауіп төндіретін негізгі факторлар – зиянкестер мен өсімдік аурулары. Зиянкестер ағаштардың жапырағын, қабығын, бұтақтарын және тамыр жүйесін зақымдап, олардың өсуін әлсіретеді. Зақымданған ағаштар уақыт өте келе құрап, орманның санитарлық жағдайының нашарлауына және табиғи экожүйенің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Орман зиянкестеріне жапырақ жегіш жәндіктер, қабықжегіштер, сүреккегіштер, жапырақ ширатқыштар және басқа да жәндіктер жатады. Олардың кейбір түрлері жаппай көбейген жағдайда қысқа мерзім ішінде үлкен аумақтағы ағаштарға зиян келтіруі мүмкін. Әсіресе ауа температурасының жоғары болуы, құрғақшылық және ағаштардың әлсіреуі зиянкестердің таралуына қолайлы жағдай қалыптастырады.

Сырдария–Түркістан мемлекеттік өңірлік табиғи паркі – Түркістан облысының табиғи кешендерін, өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтауға бағытталған ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі. Парк 2012 жылы құрылған, қазіргі жалпы аумағы шамамен 119 978 гектарды құрайды және Түркістан, Сырдария және Боралдай филиалдарынан тұрады.

Парк аумағының табиғи ерекшелігі оның экологиялық маңызын арттырады. Мұнда өсімдіктердің көптеген түрлері кездеседі, олардың арасында сирек кездесетін және Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген өсімдік түрлері де бар.

Сондықтан орман мен өсімдік жамылғысының зиянкестерден қорғалуы биоауантүрлілікті сақтаудың маңызды бағыттарының бірі болып саналады.

Сырдария–Түркістан МӨТП-нің орман және өсімдіктер дүниесін молайту мен қорғау бағытының негізгі міндеттерінің бірі – орман зиянкестері мен ауруларының ошақтарын уақытында анықтау, олардың таралуын бақылау және алдын алу шараларын ұйымдастыру. Зиянкестерді анықтау үшін орман алқаптарында тұрақты бақылау және зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Мамандар ағаштардың сыртқы жағдайына, жапырақтарының өзгеруіне, қабықтағы зақымдарға, бұтақтардың қурауына және жәндіктердің таралу белгілеріне жіті назар аударады. Бұл зиянкестің ошағын ерте анықтап, оның кең аумаққа таралуының алдын алады.

Соңғы жылдары Түркістан облысында зиянкестердің таралуына байланысты анықтау және күресу жұмыстары белсенді жүргізіліп келеді. Мысалы, Шардара ауданында шегіртке зиянкестеріне қатысты зерттеу жұмыстары жүргізіліп, экономикалық зиян шегінен асқан аумақтарға химиялық өңдеу шаралары ұйымдастырылды.

Орман зиянкестерімен күресуде ең алдымен алдын алу шараларына көңіл бөлінуі тиіс. Оларға орманның санитарлық жағдайын бақылау, зиянкестердің таралу ошақтарын уақытында анықтау, әлсіреген және зақымданған ағаштарды есепке алу, тұрақты мониторинг жүргізу және зиянкестердің көбею динамикасын бақылау жатады. Қажет болған жағдайда биологиялық, механикалық және химиялық күрес әдістері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда қоршаған ортаға әсерін ескере отырып қолданылады. Өңірлік парктің қорғау аймағында экожүйелердің жағдайына және оларды қалпына келтіруге теріс әсер ететін қызметке жол берілмейді. Сонымен қатар орман және өсімдік қауымдастықтарын қалпына келтіруге бағытталған жұмыстар жүргізуге рұқсат етіледі.

Е.ӨМІРХАН,
Орман патолог инженері

Керек кеңес

АҚШАНЫ ҚАЛАЙ ҮНЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ?

Өміріңізде бір рет болсын ақша жинауға тырысып көрген боларсыз. Әдетте, біз ақшаны қандай да бір арманымызды орындау үшін жинаймыз. Алайда қажет соманы жинау және оны сақтап қою кез келгеннің қолынан келе бермейді. Жиі адамдар ақшаны жаңа немесе аса қажет емес затты сатып алуға жұмсайды. Тіпті, кейде жаңа түскен жалақыңыз қалай азайып қалғанын байқамай қалуыңыз мүмкін. Мұндай жағдай орын алмас үшін ақшаны қалай үнемдеуге болатынын біле жүрген дұрыс.



1. МАҚСАТ ҚОЙҢЫЗ

Ең алдымен мақсат қоюыңыз керек. Соның арқасында артық ақшаны жұмсамай, жинауға мотивация пайда болады.

2. ДҮКЕНГЕ АШ ҚАРЫНМЕН БАРМАҢИЗ

Әдетте, адамдар ауыр жұмыс күнінен кейін дүкенге соғады. Бұл кезде қарныңыз аш болады, шаршап тұрасыз, сондықтан қымбат тұратын және жиі пайдалы емес дайын тағам сатып аласыз. Сондай-ақ үйге біраз уақытқа жететін азық-түлік алуға шыққанда да, тамақ ішіп алып барған дұрыс. Егер қарныңыз ашып тұрса, тізімнен ауытқып, артық нәрселер алып қоюыңыз мүмкін.

3. ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДЕН БАС ТАРТЫҢИЗ

Темекі тарту, алкоголь ішу физикалық саулығымызды нашарлатады және қаржыңыздың да азаюына ықпал етеді. Сондықтан зиянды әдеттерден барынша тез арылған дұрыс.

4. ЖҰМЫСҚА ТҮСКІ АСТЫ ҮЙДЕН ӘКЕЛҢИЗ

Сырттан тамақтануға қаражатыңыздың біраз бөлігі кетіп қалуы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігінше үйден тамақ дайындап әкелген дұрыс.

5. АЗЫҚ-ТҮЛІК ТІЗІМІН ЖАСАҢИЗ

Біз дүкенге аш болып келгенде ғана емес, нақты не қалайтынымызды білмеген кезде де артық ақша жұмсап қоямыз. Сондықтан дүкеннен не алатыныңызды үйде алдын ала ойластырып, тізім құрып алған дұрыс.

6. ЖЕҢІЛДІК КАРТАСЫН ҚОЛДАНЫҢИЗ

Егер бір дүкенге өте жиі баратын болсаңыз, сол дүкеннің жеңілдік картасын алған артық етпейді. Әдетте, мұндай карталарда бонус жинауға болады.

7. КОММУНАЛДЫ ШЫҒЫНДАРДЫ БАҚЫЛАҢИЗ

Электр қуаты мен суды үнемдеуді әдетке айналдырыңыз. Мысалы, бөлмеден шыққанда жарықты өшіріп жүріңіз және пайдаланбасаңыз, суды ағызып қоймаңыз.

8. ҚЫЗЫҚТЫ ЖИНАҚ САНДЫҚША АЛЫҢИЗ

Кейде қызықты және шабыт беретін нәрсе жетіспейді. Мысалы, көңіліңізді көтеретін немесе арманыңызбен ассоциацияланатын жинақ сандықша сатып алыңыз.

9. ТЕК САПАЛЫ ЗАТТАР АЛЫҢИЗ

Кейде жақсы және қажет затты көріп, сатып алғымыз келеді. Бірақ ақшасы қымбат болып тұрса, оның орнына бірнеше арзан зат алуды жөн көреміз. Алайда сапалы зат алуға тырысу керек. Сапалы нәрсе ұзақ қызмет етеді.

10. ЕСКІ ҚАЖЕТ ЕМЕС ЗАТТАРДЫ САТЫП ЖІБЕРІҢИЗ

Жалпы үйге қажет емес және көптен бері қолданбайтын нәрселерді жинай бермеген дұрыс. Алайда сізге қажет емес зат басқаға керек болуы мүмкін. Сондықтан оны өз бағасының жартысына болса да сатып жіберуге болады.

А. ЖАПАТОВА

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Avangard Building» ЖШС 10.09.2026-16.09.2026 аралығында «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша: "Сарайшық" және "Есіл" аудандарында, Ш. Қалдаяков көшесінен Т-3 көшесіне дейінгі учаскеде орналасқан автожол көпірі жұмыс жобасына талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар ақпараттық жүйеде (ndbecology.gov.kz) өткізіледі.

Ескертулер мен ұсыныстар беру үшін «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың ұлттық деректер банкі» сайтында (ndbecology.gov.kz.) жобалық құжаттама пакетімен танысуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ASR Oil» ЖШС Шымкент қаласы Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Ақбастау ауылдық округі, Ақбастау ауылы, 047 квартал мекенжайында орналасқан «ASR Oil» ЖШС-нің автожанармай құю станциясы үшін «Қоршаған ортаны қорғау» (КОК) бөліміне қатысты қоғамдық тыңдауларды жария талқылау нысанында өткізеді.

Жобалық құжаттама материалдары www.ndbecology.gov.kz порталында қол жетімді болады, ескертулер мен ұсыныстар 11.09.2026 ж. бастап 5 жұмыс күн ішінде қабылданады, esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Тапсырыс беруші: «ASR Oil» ЖШС, мекенжайы: Шымкент қаласы, Еңбекші ауданы, Қойкелді батыр көшесі, 22/2 құрылыс, тел.: +7 778 700 07 78

Жобалаушы: «KazEcoHolding» ғылыми зерттеулер және экологиялық сараптама орталығы» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Мәңгіелдин көшесі, 37-үй, 38-пәтер., e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

ЖАО-"Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, 046 орам, 925 учаске мекен жайында орналасқан «Ірі қара малға арналған бордақылау алаңын салу»(1-кезең үшін есеп жобасына ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 12.10.2026 ж. сағат 15:00, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, Қазыбек би көшесі, 1 (әкімдік ғимараты).

Жоба тапсырыс берушісі: ЖШС «Қарқын-2030», БСН: 090340016260, мекенжайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, Мектеп көшесі, 10-үй., тел.: +7 707 780 6537.

Жобалаушы: «EcoCentre-Consulting» ЖШС, БСН: 180640031908, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Желтоқсан көшесі.20 Б., e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: esocentre2018@mail.ru тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда " Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59. Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының (МИО) ресми сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkistan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференция: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Географиялық координаттары: 41°34'24.5"N 69°27'17.4"C.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, 046 орам, 925 учаске мекен жайында орналасқан «Ірі қара малға арналған бордақылау алаңын салу»(1-кезең) үшін жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасына ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізіледі. Тыңдау өткізу күні, уақыты және орны: 12.10.2026 ж. сағат 16:00, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, Қазыбек би көшесі, 1 (әкімдік ғимараты).

Жоба тапсырыс берушісі: ЖШС «Қарқын-2030», БСН: 090340016260, мекенжайы: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қақпақ ауылдық округі, Қақпақ ауылы, Мектеп көшесі, 10-үй., тел.: +7 707 780 6537.

Жобалаушы: «EcoCentre-Consulting» ЖШС, мекен-жайы: Шымкент қаласы, Абай ауданы, Желтоқсан көшесі.20 Б., e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Жобалық құжаттамамен танысу www.ndbecology.gov.kz порталынан қарауға болады. Қосымша ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады: esocentre2018@mail.ru тел. +7700 423 29 82.

Мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша және қоғамдық тыңдаулардың жарияланған хаттамасы бойынша жазбаша немесе электрондық нысанда " Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ, мекенжайы: Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Кентау трассасы, 2,

e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59. Түркістан облысының жергілікті атқарушы органының (МИО) ресми сайтына сілтеме: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkistan-tabigi-resurstar?lang=ru>.

Zoom конференциясына қосылу үшін сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференция: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Географиялық координаттары: 41°34'24.5"N 69°27'17.4"C.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Avangard Building» сообщает о том, что в период с 10.09.2026-16.09.2026 года на информационной системе (ndbecology.gov.kz) будут проводиться общественные слушания в форме публичного обсуждения по Раздел «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Автодорожный мост по адресу районы «Сарайшық» и «Есіл», участок от улицы Ш. Қалдаякова до улицы Т-3».

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на сайте «Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов» (ndbecology.gov.kz) для предоставления замечаний и предложений.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «ASR Oil» проводит общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» (ООС), разработанному для автозаправочной станции ТОО «ASR Oil», расположенной по адресу: Туркестанская область, Байдібекский район, Ақбастауской сельский округ, село Ақбастау, квартал 047.

Проектная документация доступно на портале www.ndbecology.gov.kz, замечания и предложения принимаются с 11.09.2026 г. в течение 5-ти рабочих дней, esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

Заказчик: ТОО «ASR Oil» адрес: город Шымкент, Еңбекшинский район, улица Койкелди Батыра, строение 22/2, тел.: +7 778 700 07 78

Разработчик: ТОО «Центр научных исследований и экологической экспертизы “KazEcoHolding”», адрес: г. Шымкент, район Абайский, ул. Мангельдина, дом 37, квартира 38, e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

МИО - ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

По проекту отчета о возможных воздействиях, разработанному для проекта «Строительство откормочной площадки КРС», расположенного по адресу: Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, квартал 046, участок 925, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания: 12.10.2026 ж., в 15:00 по адресу г. Туркестанская область, Казыгуртский район, сельский округ Какпак, село Какпак, улица Казыбек би, 1 (здание акимата).

Заказчик проекта: ТОО «Қарқын-2030», БИН 090340016260, адрес: Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, с/о Какпак, ул.Мектеп, д.10, тел.: +7 707 780 6537.

Разработчик: ТОО «EcoCentre-Consulting», БИН 180640031908, адрес: г. Шымкент, район Абайский, улица Желтоқсан,20 Б e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл. адресу: esocentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59. Ссылка на официальный сайт местного исполнительного органа (МИО) Туркестанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkistan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Ссылка для входа в конференцию Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Географические координаты: 41°34'24.5"N 69°27'17.4"C.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Для проекта нормативов допустимых выбросов, разработанному для проекта «Строительство откормочной площадки КРС», расположенного по адресу: Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, квартал 046, участок 925, проводятся общественные слушания в форме открытого собрания: 12.10.2026 ж., в 16:00 по адресу г. Туркестанская область, Казыгуртский район, сельский округ Какпак, село Какпак, улица Казыбек би, 1 (здание акимата).

Заказчик проекта: ТОО «Қарқын-2030», БИН 180640031908, адрес: Туркестанская область, Казыгуртский район, Какпакский сельский округ, с/о Какпак, ул.Мектеп, д.10, тел.: +7 707 780 6537.

Разработчик : ТОО «EcoCentre-Consulting» адрес: г. Шымкент, район Абайский, улица Желтоқсан,20 Б e-mail: esocentre2018@mail.ru, тел.: +7/700/423-29-82.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на портале <https://hearings.ndbecology.gov.kz>. Дополнительную информацию можно получить по номеру и эл. адресу: esocentre2018@mail.ru, тел.+77004232982.

Общественность и заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в письменной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания и по опубликованному протоколу общественных слушаний в «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», адрес: Туркестанская область, г. Туркестан, ТРАССА КЕНТАУ, 2, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz, тел.: 8 (7253) 33-36-59. Ссылка на официальный сайт местного исполнительного органа (МИО) Туркестанской области: <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkistan-tabigi-resurstar?lang=ru>

Ссылка для входа в конференцию Zoom:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Идентификатор конференции: 616 540 8596

Код доступа: 123456

Географические координаты: 41°34'24.5"N 69°27'17.4"C.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
“Қызмет Газеті” ЖШС

Директор:
Бейсенкүл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ

Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Тарату бөлімі:
Дина ХАЙТМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың
29 мамырында ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
тіркеліп, мерзімді
баспасөз
басылымдарын есепке
алу туралы №10166-Г
куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет
жұма күндері шығады

Газет «М-press» ЖШС
Баспа үйінде басылды.
Шымкент қаласы,
А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй

Таралымы 3100 дана.
Тапсырыс